

ӘОЖ 336.1

ETAMP 06.73.15

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТКЕ САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІНІҢ
ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ****А.М. Карипова¹, Д.Х. Сагандыкова¹***¹М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан***Аңдатпа**

Қазақстан Республикасының егемендік алған жылдарынан бастап салық саясатын жетілдіру мақсатында мемлекетіміз салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру ретінде қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланып келді.

Қазақстан Республикасының салық жүйесі маңыздылығы жағынан бірінші тұратын экономикалық жүйенің бір бөлігі болып табылады. Салық саясаты мемлекеттің мемлекеттік шығындарын, салық салу және мемлекет бюджетінің ахуалын өзгертуі бойынша толық жұмыс бастылықты, төлем балансының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге және экономикалық өсуге бағытталған мемлекеттің іс-шарасы деп түсіндіруге болады. Салық саясаты ағымдық қана емес, болашақ кезеңге де бағытталады, яғни бұл ағымдық кезеңге арналған тактика емес, салықтық стратегия. Егер де мемлекет қоғамдық корпоративті және жеке экономикалық мүдделерді ұштастыруды мақсат ететін болса, онда тактика мен стратегия да бір болады.

Салық жүйесі бюджет жүйесінің маңызды бір бөлігі, себебі салық жүйесінің мазмұны мен мәні қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысы орталықтандырылған басқару жүйесі арқылы реттеліп жетілдіріліп немесе өзгертіліп отырады.

Түйінді сөздер: салық жүйесі, салық саясаты, бюджет жүйесі, салықтық түсімдер, салықтық емес түсімдер.

**ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ НАЛОГОВЫХ ПОСТУПЛЕНИЙ
В РЕСПУБЛИКАНСКИЙ БЮДЖЕТ****Карипова А.М.¹, Сагандыкова Д.Х.¹***¹СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан***Аннотация**

В целях совершенствования налоговой политики, начиная с обретения суверенитета Республики Казахстан, государство использует налоги как мощный экономический механизм, как стабилизация экономики.

Налоговая система Республики Казахстан является частью первой по значимости экономической системы. Налоговая политика подразумевает полное начало работы по изменению государственных расходов государства, налогообложения и состояния государственного бюджета, мерой государства, направленным на обеспечение равновесия платежного баланса и экономический рост. Налоговая политика будет направлена не только на текущий, но и на будущий период, то есть это не тактика на текущий период, а налоговая стратегия. Если государство нацелено на сочетание общественных корпоративных и частных экономических интересов, то и тактика и стратегия будут едины.

Налоговая система является важной частью бюджетной системы, так как содержание и значение налоговой системы социально-экономическое строительство общества регулируется или изменяется через систему централизованного управления.

Ключевые слова: налоговая система, налоговая политика, бюджетная система, налоговые поступления, неналоговые поступления.

EVALUATING THE EFFECTIVENESS OF TAX REVENUES TO THE NATIONAL BUDGET

A.M. Karipova¹, D.H. Sagandykova¹

¹*NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan*

Abstract

In order to improve tax policy, since gaining the sovereignty of the Republic of Kazakhstan, the state uses taxes as a powerful economic mechanism, as a stabilization of the economy.

The tax system of the Republic of Kazakhstan is part of the first most important economic system. Tax policy implies a full start of work on changing the state's public expenditures, taxation and the state budget, a measure of the state aimed at ensuring balance of payments balance and economic growth. Tax policy will focus not only on current but also on future period, and then there is no tactics in the current period, and tax strategy. If the state aims at a combination of public corporate and private economic interests, then both tactics and strategy will be the same.

The tax system is an important part of the budget system, since the content and significance of the tax system is regulated or changed through a centralized management system.

Key words: tax system, tax policy, budget system, tax revenues, non-tax revenues.

Kіріспе

Салық – кез келген өркениетті мемлекеттің кіріс көзі. Әлемдік тәжірибие көрсетіп отырғандай салық пен несие қаржы жағынан реттеуді ұштастырып нарықтық экономиканы басқарудың анағұрлым тиімді түрі болып табылады. Қазіргі жағдайда салықтардың маңызы мен рөлін мемлекеттік органдарды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету шеңберінде ғана бағалауға болмайды. Макроэкономикалық реттеуде олардың маңызы барған сайын орта түсуде. Қазақстан тарихында тұңғыш рет Салық кодексі жасалғанда барлық маңызды сәттер барынша ескерілді. Салықты жетілдіру ұзақ даму жолынан өткен көптеген елдерге қарағанда, экономиканы жедел орнықтыру және дамыту қажеттігі ескеріле отырып Қазақстанда қоғамның талабына жауап бетегін және нарықтық экономиканың жағдайына икемделген салық жүйесін жасауды шұғыл қолға алды.

Салық салынатын нысандарды және нақты пайданы айқындауда халықаралық тәжірибиеде қолданылып жүрген принциптерді пайдалануға жол ашу мақсатында өнімнің өзіндік құнына әсер ететін шығындардың жүйесі қайта қаралып, түпкі нәтижені көрсететін баланстық пайда ұғымы енгізілді. Жылдық жиынтық пайданы анықтаудың жолдары белгіленді. Нақты пайдаға ғана салық салынуы үшін салықтық есеп жүйесі қолданыла бастады.

Республика экономикасы шетелдік инвестицияны тарту барған сайын ұлғая түсуіне байланысты Салық кодексінің бір тарауы халықаралық салық салу мәселесін қарады.

Салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы «Бюджет жүйесі туралы» заң мен тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттердің кірісіне түседі [1].

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Бюджеттік жүйенің жеке теориялық және тәжірибиелік даму аспектілері мен салықтық түсімдердің әсерін көптеген ғалым экономистер өз еңбектерінде баяндаған.

Экономиканы тұрақтандыру және дамытудың факторларының бірі ретінде бюджет мәселесін әлеуметтік – экономикалық даму мәселелерін зерттеуде маңызды үлес қосқан Қазақстан ғалымдары: Әубәкіров Я.А., Арын Е.М., Ильсов К.К., Сатқалиева В.А., Өтебаев Б.С., Жүнүсова Р.М., Жүйріков К.К., Бертаева К.Ж.,

Зейнелгабдин А.Б., Күлекеев Ж.А., Сұлтанғазин А.Ж., Сейтқасымов Г.С., Елубаева Ж.М., Мамыров Н.К., С.Б. Байзақов, К.Б. Берентаев, С.Ұ. Жандосов, С.К. Жұмамбаев, Р.Е. Елемесов, және тағы басқалары [2].

Зерттеу әдістері

Салықтық түсімдер Салықтық кодексте белгіленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер болып табылады. Салықтық емес *түсімдер* - бюджетке төленетін міндетті, қайтарусыз *төлемдер*, байлаулы гранттар, сондай-ақ трансферттерден басқа, бюджетке тегін негізде берілетін ақша.

Кесте 1 РБ түсетін салықтар

Республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдер:
↓
- Корпоративті табыс салығы - Қосылған құн салығы - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ҚР аумағына импортталатын тауарларға акциздер - Газ конденсатын қоса алғанда шикі мұнайға акциздер - Үстеме пайдаға салынатын салық, бонустар, роялти - Жергілікті маңызы бар мемлекеттік ақылы автомобиль жолдары арқылы автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алынатын алымнан басқа Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым. - Телевизиялық және радиохабар ұйымдарына радио жиілік спекторын пайдалануға рұқсат бергені үшін алынатын алым. - Теңіз, өзен кемелері мен шағын кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым - Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркегені үшін алым - Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым - Радио жиілік спекторын пайдаланғаны үшін төленетін төлем - Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем - Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем - Әкелінетін және әкетілетін тауарларға кеден баждары - Консулдық алым - Қазақстан Республикасының азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктерін бергені үшін мемлекеттік баж - Жүргізуші куәліктерін бергені үшін алынатын мемлекеттік баж - Мемлекеттік нотариат кеңселері нотариустарының нотариалдық іс-әрекет жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж

Жергілікті бюджет (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттері. Бюджеттік кодексмен айқындалған түсімдер есебінен қалыптастырылатын және тиісті деңгейлердегі жергілікті мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-

аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақшалай қоры болып табылады [3].

Зерттеу нәтижелері

Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесі елдің экономикалық дамуының және саяси тұрақтылықты ұстап тұруының маңызды шарты болып саналады. Қазіргі заманғы мемлекет экономикалық өмірді енжар бақылаушы болып табылмайды, керісінше мемлекет елдің шаруашылық- экономикалық өміріне белсенді түрде қатынасады және де керек кезінде елдің экономикасын тұрақтандыру үшін керекті шараларды да жүргізеді. Қазақстан Республикасының қазіргі уақытта инновациялық саясатты дамытуға байланысты нарық экономикасын реттеуде мемлекет және мемлекеттік бюджеттің атқаратын рөлі өте маңызды болып табылады [4].

Төмендегі кестеде республикалық бюджетке түскен салықтар берілген.

Кесте 2 Республикалық бюджеттің атқарылуы, (млн.теңге)

Атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Абс ауытқу		Өсу қарқыны	
				2018 ж/ 2017 ж	2019 ж/ 2018 ж	2018 ж/ 2017 ж	2019 ж/ 2018 ж
I. Кірістер	9691789	8789005	10592324	-902784	1803319	-9,31	20,52
Салықтық түсімдері, оның ішінде:	4848028	5694904	6835513	846876	1140609	17,47	20,03
корпоративтік табыс салығы	1538785	1687577	1974763	148792	287186	9,67	17,02
қосылған құн салығы	1664699	2034314	2693127	369615	658813	22,20	32,39
акциздер	80980	95278	106498	14298	11220	17,66	11,78
Салықтан тыс түсімдер	159882	151348	279410	-8534	128062	-5,34	84,61
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	4345	2361	9506	-1984	7145	-45,66	302,63
Трансферттердің түсімдері	4679534	2940391	3467894	-1739143	527503	-37,16	17,94
II. Шығындар	10677506	9334733	11469071	-1342773	2134338	-12,58	22,86
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	493888	442403	562706	-51485	120303	-10,42	27,19
2. Қорғаныс	428746	516581	709872	87835	193291	20,49	37,42
3. Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	549102	647942	684758	98840	36816	18,00	5,68
4. Білім беру	464569	473825	611258	9256	137433	1,99	29,01
5. Денсаулық сақтау	1018628	1071175	1197100	52547	125925	5,16	11,76

6. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	2129993	2578844	3270193	448851	691349	21,07	26,81
7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	198342	221217	328221	22875	107004	11,53	48,37
8. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	140684	150788	135963	10104	-14825	7,18	-9,83
9. Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	89066	78225	84891	-10841	6666	-12,17	8,52
10. Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	244938	268909	371216	23971	102307	9,79	38,05
11. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8884	8674	18761	-210	10087	-2,36	116,29
12. Көлік және коммуникация	675902	552959	628273	-122943	75314	-18,19	13,62
13. Өзгелер	2278937	155490	603558	-2123447	448068	-93,18	288,17
14. Борышқа қызмет көрсету	458102	585909	677834	127807	91925	27,90	15,69
15. Трансферттер	1497726	1581791	1584468	84065	2677	5,61	0,17
III. Таза бюджеттік кредит беру	174971	131654	250348	-43317	118694	-24,76	90,16
Бюджеттік кредиттер	282484	250269	381647	-32215	131378	-11,40	52,49

Бюджеттік кредиттерді өтеу	107513	118615	131299	11102	12684	10,33	10,69
IV. Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо	196287	51806	169170	-144481	117364	-73,61	226,55
Қаржылық активтерді сатып алу	196287	51806	169170	-144481	117364	-73,61	226,55
V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1356975	-729188	-1296266	627787	-567078	-46,26	77,77
VI. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	1356975	729188	1296266	-627787	567078	-46,26	77,77

Кесте мәліметі бойынша республикалық бюджет кірістері 2017 жылы 9691789 млн. теңге болса, 2018 жылы кірістер 9,31% азайды да 8789005 млн. теңге болды. 2019 жылы кірістер 10592324 млн. теңгеге дейін артты, бұл өткен мерзімнен 20,52% артық, яғни 1803319 млн. теңгеге.

Қорытынды

Салықтық түсімдер кірістердің негізгі бөлігін құрайды. Басқа да елдердегі сияқты, түсімнің осы түрі бюджеттік салық жүйесінің негізі болып табылады, себебі бұларсыз мемлекеттің өміршеңдігі және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мүмкін емес. Салықшыларды салықтар көмегімен жеке және заңды тұлғалардың қаржылары мобилизацияланады және қайта бөлінеді. Дамыған елдердің орталық бюджетінде олардың үлесі 80- 90% құрайды. Заң теориясы бойынша салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді.

Әдебиет:

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі. – Алматы: ЛЕМ. 2017 ж.
2. «Қаржы» Құллыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. 2011 ж 208 б.
3. «Налоговое право Республики Казахстан» Баранбаева А.Е. 2012 ж.
4. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу» Алматы, Экономика, 2006. 80б.